

Зайсан қала әкімінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 6 "Зайсан қаласының "Сауыр", "Қазақ ауылы" мөлтек аудандарында, "Көктерек" шаруа қожалығында және "Қызыл баз" учаскесіне шектеу іс –шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қаласы әкімінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы N 9 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 8-тармағына, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынысына сәйкес, Зайсан қала әкімі

ШЕШТІ:

1. Зайсан қала әкімінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 6 "Зайсан қаласының "Сауыр", "Қазақ ауылы" мөлтек аудандарында, "Көктерек" шаруа қожалығында және "Қызыл баз" учаскесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4125 нөмірімен 2015 жылғы 2 қыркүйекте тіркелген, аудандық "Достық" газетінің 2015 жылғы 31 қазанындағы № 88 санында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Зайсан қала әкімі

Д.Тожыбаев